

1992 жылғы 14 ақпандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қатынастарын үйлестіру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 қарашадағы № 1245 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1992 жылғы 14 ақпандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қатынастарын үйлестіру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы хаттама мақұлданын

2. Қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, 1992 жылғы 14 ақпандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қатынастарын үйлестіру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

19

қарашадағы

№

1245

қаулысымен

мақұлданған

1992 жылғы 14 ақпандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қатынастарын үйлестіру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1992 жылғы 14 ақпандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қатынастарын үйлестіру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері төмендегілер туралы келісті:

1. 1992 жылғы 14 ақпандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қатынастарын үйлестіру туралы келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - б а п т а :

бірінші абзацтағы «ТМД-ның үкіметаралық органы» деген сөздер «ТМД-ның салалық ынтымақтастық органы» деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Электр энергетикалық кеңестің құрамына осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті мемлекеттік билік органдары мен ұлттық электр энергетикалық компанияларының басшылары кіреді, мемлекеттер оларға тиісті уәкілеттіктер береді.»;
мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Электр энергетикалық кеңес өз қызметін осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес осы Келісімнің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Электр энергетикалық кеңесі туралы ереженің негізінде жүзеге асырады.»;

2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Электр энергетикалық кеңестің негізгі функциялары».

2.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.2. Осы Келісімге қатысушы мемлекеттерге ортақ электр энергетикалық нарық құруға жәрдемдесу.»;

2.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.7. Электр энергиясын мемлекетаралық жеткізу саласында тарифтік саясат жүргізу жөніндегі ұсынымдарды дайындау.»;

2.13-тармақта «дәстүрлі емес» деген сөздер «жаңартылатын» деген сөзбен ауыстырылсын ;

2.16-тармақта «еуропалық және әлемдік энергетикалық қоғамдастықтар шеңберінде» деген сөздер «энергетикалық қоғамдастықтар шеңберінде» деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 2.17 және 2.18-тармақтармен толықтырылсын:

«2.17 ТМД Мемлекет басшыларының кеңесі, Үкіметтер басшыларының кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі және Экономикалық кеңесі өз құзыреті шеңберінде қабылдаған шешімдердің орындалуын ұйымдастыру және үйлестіру.

2.18. Осы Келісімге қатысушы мемлекеттерге жұмыс істеп тұрған электр энергетикасы объектілерін жаңғыртуға және жаңа электр энергетикасы объектілерін салуға инвестициялар тартуға жәрдемдесу.»;

4-бап мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Электр энергетикалық кеңес өз қызметінде ТМД Үкіметтері басшыларының кеңесіне есеп береді.»;

5 - б а п т а :

бірінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Атқарушы комитет өз қызметін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Электр энергетикалық кеңесінің Атқарушы комитеті туралы ереженің негізінде осы Келісімге

2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырады.»;

бесінші абзацта «сметасы мен нысанын» деген сөздер «шығыстар сметасы мен жүйесін» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-бапта «электр энергетикалық бірлестіктерінің (компанияларының)» деген сөздер «электр энергетикалық компанияларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - б а п а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

9-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын, тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.»;

Осы Хаттамаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Электр энергетикалық кеңесі туралы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Электр энергетикалық кеңесінің Атқарушы комитеті туралы ережелермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күннен бастап к ү ш і н е е н е д і .

Келісім _____ жылғы «___» _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Үкіметі үшін	Әзербайжан Республикасының	Үкіметі үшін	Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін	Армения Республикасының	Үкіметі үшін	Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін	Беларусь Республикасының	Түрікменстан	Үкіметі үшін
Үкіметі үшін	Қазақстан Республикасының	Өзбекстан	Республикасының
Үкіметі үшін	Қырғыз Республикасының	Украина	Үкіметі үшін
Үкіметі үшін	Молдова Республикасының		

1992 жылғы 14 ақпандағы

Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығының электр

энергетикасы саласындағы

мемлекетаралық

қатынастарын

үйлестіру

туралы

келісімге

1-қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Электр энергетикалық кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1.1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Электр энергетикалық Кеңесі (бұдан әрі – Электр энергетикалық кеңес) 1992 жылғы 14 ақпандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қатынастарын үйлестіру туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) сәйкес құрылды және ТМД-ның салалық ынтымақтастық органы болып табылады.

1.2. Электр энергетикалық кеңестің мақсаты Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері бірлестіктерінің тиімді жұмыс істеуі негізінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономикасы мен халқын электрмен жабдықтауды тұрақты және сенімді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік билік органдарының, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұлттық электр энергетикалық компанияларының электр энергетикасы саласындағы бірлескен және үйлестірілген іс-қимылдарын жүргізу болып табылады.

1.3. Электр энергетикалық кеңес өз қызметінде ТМД-ның Жарғысын, ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Сыртқы істер министрлері кеңесінің және Экономикалық кеңесінің шешімдерін, Келісімді, ТМД шеңберінде қабылданған басқа да халықаралық шешімдерді, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

1.4. Электр энергетикалық кеңес өз қызметін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесімен, ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиямен, ТМД Атқарушы комитетімен және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының басқа да органдарымен, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен, сондай-ақ энергетика саласындағы басқа да халықаралық ұйымдардың хатшылықтарымен өзара тығыз іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырады.

II. Электр энергетикалық кеңестің міндеттері

Электр энергетикалық кеңестің негізгі міндеттері:

Келісімге қатысушы мемлекеттерді электр энергетикасы саласында, оның ішінде Келісімге қатысушы мемлекеттердің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында интеграциялау қағидаттары мен бағыттары туралы, ұсыныстар әзірлеу;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері

бірлестіктерінің бірлескен жұмысын қамтамасыз етудің экономикалық және құқықтық шарттары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердегі мемлекеттік биліктің тиісті органдарымен және ТМД салалық ынтымақтастық органдарымен бірлесе отырып, ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге ортақ электр энергетикалық нарық құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

электр энергетикасы саласында ортақ ақпараттық кеңістік құру болып табылады.

III. Электр энергетикалық кеңестің функциялары

3.1. Электр энергетикалық кеңестің функциялары:

отын-энергетикалық кешен құрамында Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасын дамытудың кешенді бағдарламаларының жобаларын және оларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарды дайындауға қатысу;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелері бірлестігінің бірлесіп жұмыс істеуіне жағдай жасау үшін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу және ұсыныстар дайындау;

электр энергетикасы саласындағы халықаралық шарттарды дайындауға қатысу;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді біріздендіруге және үндестіруге жәрдемдесу;

электр энергиясын мемлекетаралық жеткізу саласында тарифтік саясат жүргізу жөнінде ұсынымдар дайындау;

электр энергетикасындағы есепке алу мен есеп берудің бірыңғай нысандары туралы ұсыныстар әзірлеу;

мемлекетаралық ғылыми бағдарламаларды, жаңа технологиялар мен техниканы әзірлеу, электрмен және жылумен жабдықтау саласында тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау, сондай-ақ оларды іске асыруға және осы жұмысты үйлестіруге қатысу қажеттігі туралы ұсыныстар дайындау;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңды тұлғаларына электр энергетикасы саласындағы бірлескен кәсіпорындар, қаржы-өнеркәсіптік топтар және басқа да трансұлттық құрылымдар құруға жәрдемдесу;

электр энергетикасы саласында материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі деректер базасын құруға және тиісті ұсыныстар дайындауға жәрдемдесу;

Келісімге қатысушы мемлекеттерге электр энергетикасы саласындағы авариялар, дүлей зілзалалар мен басқа да төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдесу;

экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық, энергия үнемдеу саласындағы озық технологияларды пайдалану, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін дамыту жөніндегі бірлескен жобаларды әзірлеу және оларды іске асыру

әдістемелік және әдіснамалық сипаттағы құжаттарды келісуге, ұсыным құжаттарының жобаларын әзірлеуге және бекітуге;
Электр энергетикалық кеңес дайындаған құжаттардың жобаларын ТМД Мемлекет басшылары кеңесі мен Үкімет басшылары кеңесінің, ТМД-ның басқа да органдарының қарауына белгіленген тәртіппен енгізуге;
қажет болған жағдайда Электр энергетикалық кеңестің жұмыс топтарын және басқа да құрылымдарын құруға, сондай-ақ Электр энергетикалық кеңес қызметінің негізгі бағыттары бойынша оның мүдделерін білдіруге уәкілетті арнайы өкілдерді сайлауға құқылы.

V. Электр энергетикалық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оның жұмыс тәртібі

5.1. Электр энергетикалық кеңестің құрамына Келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті мемлекеттік билік органдары мен ұлттық электр энергетикалық компанияларының басшылары кіреді, оларға мемлекеттері тиісті уәкілеттіктер береді.

5.2. Электр энергетикалық кеңестің құрамына кеңесу дауысы құқығымен Электр энергетикалық кеңестің Атқарушы комитетінің төрағасы, ТМД Атқарушы комитетінің өкілі, сондай-ақ энергетика саласындағы ТМД-ның салалық ынтымақтастық органдары хатшылықтарының басшылары кіреді.

5.3. Электр энергетикалық кеңесті Электр энергетикалық кеңес мүшелері арасынан бір жылға сайланатын президент және вице-президент басқарады. президентті және вице-президентті тағайындау және алмастыру тәртібі Электр энергетикалық кеңестің шешімімен бекітіледі.

5.4. Келісімге қатысушы мемлекеттер Электр энергетикалық кеңестің отырысына Электр энергетикалық кеңес мүшелерінің орнын алмастыратын адамдарды жіберген кезде, олардың өкілеттіктері құжаттамамен расталуға тиіс.

5.5. Электр энергетикалық кеңес мүшелерінің бірдей құқықтары бар, олар Электр энергетикалық кеңестің жұмыс органдарының қызметі туралы қажетті ақпаратты ала алады, сондай-ақ Электр энергетикалық кеңестің қызметіне қатысты мәселелерді талқылау үшін енгізе алады.

5.6. Егер Электр энергетикалық кеңес отырысына Электр энергетикалық кеңес мүшелерінің немесе олардың тиісті уәкілетті өкілдерінің кемінде $\frac{1}{2}$ -сі қатысқан жағдайда, ол заңды (кворум болады) болып табылады.

5.7. Электр энергетикалық кеңестің шешімдері отырысқа қатысып отырған Электр энергетикалық кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

Шешіммен келіспейтін Электр энергетикалық кеңес мүшелері ерекше пікірін білдіре алады, ол отырыс хаттамасына енгізіледі. Электр энергетикалық кеңес шешімімен келіспеген Келісімге қатысушы мемлекет үшін ол міндетті болып

т а б ы л м а й д ы .

5.8. Келісімге қатысушы кез келген мемлекет талқыланатын мәселеге мүдделі еместігі туралы мәлімдей алады, бұл шешім қабылдау үшін кедергі ретінде қаралмауға т и і с .

Электр энергетикалық кеңестің Келісімге қатысушы қандай да бір мемлекеттің тікелей мүдделерін қозғайтын шешімі оның уәкілетті өкілі болмаған кезде қ а б ы л д а н б а й д ы .

5.9. Электр энергетикалық кеңес отырысының қорытындылары бойынша хаттама жасалады, оған президент және Электр энергетикалық кеңестің Атқарушы комитетінің т ө р а ғ а с ы қ о л қ о я д ы .

5.10. Электр энергетикалық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оның отырыстарын өткізу тәртібіне қатысты мәселелер Электр энергетикалық кеңес бекітетін регламентте а й қ ы н д а л а д ы .

5.11. Электр энергетикалық кеңес отырыстарына оның мүшелерінің келісімі бойынша шақыртылған адамдар қатыса алады. Олардың Электр энергетикалық кеңестің отырыстарына қатысу тәртібі оның регламентінде айқындалады.

5.12. Ақпарат алмасу, ынтымақтастықты ұйымдастыру және қызметті үйлестіру мақсатында халықаралық және өзге де ұйымдарға Электр энергетикалық кеңес жанындағы бақылаушы мәртебесі берілуі мүмкін.

5.13. Электр энергетикалық кеңес өз жұмысын әзірленетін және бекітілетін жоспарлар негізінде ұйымдастырады.

5.14. Электр энергетикалық кеңес жыл сайын ТМД Атқарушы комитетіне өз қызметі туралы ақпарат береді.

VI. Электр энергетикалық кеңестің жұмыс органы

6.1. Өз қызметін Ереже негізінде жүзеге асыратын Атқарушы комитет Электр энергетикалық кеңестің тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады.

6.2. Атқарушы комитет Электр энергетикалық кеңес шеңберінде қабылданған құжаттар депозитарийі функциясын жүзеге асырады.

6.3. Атқарушы комитетті Электр энергетикалық кеңестің шешімімен тағайындалатын Төраға басқарады.

6.4. Атқарушы комитеттің құрылымы, саны, шығындар сметасы мен қызметкерлерге, техникалық және қызмет көрсететін персоналға еңбекақы төлеу жүйесін Электр энергетикалық кеңес бекітеді.

6.5. Электр энергетикалық кеңестің болу мемлекетімен өзара қарым-қатынастары Ресей Федерациясы Үкіметі мен ТМД Электр энергетикалық кеңесі арасындағы ТМД Электр энергетикалық кеңесі Атқарушы комитетінің Ресей Федерациясы аумағында болуы шарттары туралы 2005 жылғы 14 қыркүйектегі келісіммен айқындалады.

6.6. Техникалық және қызмет көрсететін персоналды қоспағанда, Атқарушы комитет аппаратының қызметкерлері халықаралық қызметшілер болып табылады.

VII. Электр энергетикалық кеңесті қаржыландыру, үй-жайлары, мүлкі

7.1. Электр энергетикалық кеңестің және Атқарушы комитеттің қызметін қаржыландыру Келісімге қатысушы мемлекеттермен келісілген және Электр энергетикалық кеңес жыл сайын бекітетін шығыстар сметасына сәйкес Ресей Федерациясының рублімен немесе еркін айырбасталатын валютамен Келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті мемлекеттік билік органдарының және/немесе ұлттық электр энергетикалық компанияларының жыл сайынғы үлестік жарналары есебінен, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмалдықтарының және Атқарушы комитет орналасқан мемлекеттің заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер есебінен жүзеге асырылады.

7.2. Электр энергетикалық кеңесті қаржыландырудағы үлестік қатысу қағидаты оның шешімімен айқындалады.

7.3. Электр энергетикалық кеңестің Атқарушы комитеті Ресей Федерациясының Үкіметі мен ТМД Электр энергетикалық кеңесі арасындағы ТМД Электр энергетикалық кеңесі Атқарушы комитетінің Ресей Федерациясы аумағында болуы шарттары туралы 2005 жылғы 14 қыркүйектегі келісімде айқындалатын тәртіппен және шарттарда қызметтік үй-жайлармен және қажетті мүлікпен қамтамасыз етіледі.

VIII. Электр энергетикалық кеңестің қызметін тоқтату

Электр энергетикалық кеңесті тарату туралы мәселені Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкімет басшыларының кеңесі қарайды.

IX. Электр энергетикалық кеңестің жұмыс тілі

Электр энергетикалық кеңестің жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

1992 жылғы 14 ақпандағы

Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығының электр

энергетикасы саласындағы

мемлекетаралық қатынастарын

үйлестіру туралы келісімге

2-қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Электр энергетикалық кеңесінің Атқарушы комитеті туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қатынастарды үйлестіру туралы 1992 жылғы 14 ақпандағы келісіміне (бұдан әрі – Келісім) сәйкес құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Электр энергетикалық кеңесі Атқарушы комитетінің міндеттерін, функцияларын және жауапкершілігін айқындайды.

1.2. ТМД Электр энергетикалық кеңесінің Атқарушы комитеті (бұдан әрі – Атқарушы комитет) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Электр энергетикалық кеңесінің (бұдан әрі – Электр энергетикалық кеңес) тұрақты жұмыс істейтін органы б о л ы п т а б ы л а д ы .

1.3. Атқарушы комитет өз қызметінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысын, Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Сыртқы істер министрліктері кеңесінің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық кеңесінің шешімдерін, ТМД шеңберінде қабылданған Келісімді, басқа да халықаралық шарттарды, Электр энергетикалық кеңесінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

1.4. Атқарушы комитет өз қызметінде Электр энергетикалық кеңесіне есеп береді.

1.5. Атқарушы комитетті қаржыландыру Келісімнің 6-бабына сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Мемлекеттік биліктің тиісті органдарының және/немесе Келісімге қатысушы мемлекеттердегі ұлттық электр энергетикалық компаниялардың аударымдары күнтізбелік жыл басталғанға дейінгі мерзімде немесе жыл ішінде Атқарушы комитетпен келісу бойынша жүргізіледі.

Электр энергетикалық кеңесінің әрбір мүшесі қажетті аударымдарды уақтылы қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті көтереді.

1.6. Электр энергетикалық кеңесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін құжаттарды даярлау және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы саласындағы экономикалық бірігуіне ықпал ету Атқарушы комитеттің негізгі міндеттері болып т а б ы л а д ы .

1.7. Атқарушы комитет заңды тұлға болып табылады, оның дербес теңгерімі, есеп айырысу және валюталық шоттары, өз атауы және белгісі бар мөрі болады.

1.8. Атқарушы комитеті болатын мемлекет – Ресей Федерациясы, орналасқан жері – М ә с к е у қ а л а с ы .

Атқарушы комитетінің өзі болатын мемлекетпен өзара қарым-қатынастары Ресей Федерациясының Үкіметі мен ТМД Электр энергетикалық кеңесі арасындағы ТМД Электр энергетикалық кеңесі Атқарушы комитетінің Ресей Федерациясының аумағында бөлу жағдайлары туралы 2005 жылғы 14 қазандағы Келісіммен айқындалады.

II. Толық және қысқартылған ресми (фирмалық) атаулары

Орыс тілінде: толық атауы – Исполнительный комитет Электроэнергетического Совета Содружества Независимых Государств; қысқартылған атауы – Исполнительный комитет Э Э С С Н Г .

Ағылшын тілінде: толық атауы – The Executive Committee of Electric Power Council of the Commonwealth of Independent States; қысқартылған атауы – The Executive Committee of EPC of the CIS.

III. Міндеттері

3.1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде электр энергетикасы аясында қабылданған халықаралық шарттар мен шешімдерді, Электр энергетикалық кеңесінің Келісімдерін, шешімдерін орындау мақсатында Электр энергетикалық кеңесінің қызметін ұйымдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету.

3 . 2 . М ы н а :

Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы саласындағы, соның ішінде әлемдік қоғамдастық елдерімен ынтымақтастық; мемлекеттік билік органдарының, сондай-ақ Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық электр энергетикалық компанияларының салалық мемлекетаралық ынтымақтастығы шеңберіндегі өзара іс-қимылын үйлестіру;

Электр энергетикалық кеңестің өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін уақытша және тұрақты органдардың қызметі мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3.3. Электр энергетикасы саласындағы құқықтық, нормативтік, әдістемелік, анықтамалық, ақпараттық құжаттарды дайындауды қамтамасыз ету.

IV. Функциялары

4.1. Мемлекетаралық энергия ағыны мен қуат нарығы жағдаятын ескере отырып, келешектегі энергия, қуат және отын теңгерімдері негізінде электр станциялары үшін электр энергиясы мен отынды өзара жеткізу жөніндегі мемлекетаралық келісімдерді д а я р л а у ғ а қ а т ы с у .

4.2. Мемлекеттік билік органдарына, сондай-ақ Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық электр энергетикалық компанияларына тұтынушыларды электрмен

жабдықтауды ұйымдастыруға және біріктірілген энергетикалық жүйелердің сенімді жұмысын қамтамасыз етуге, соның ішінде төтенше жағдайлар мен қысылтаяң жағдайларда жәрдем көрсету.

4.3. Отын-энергетикалық кешен құрамында электр энергетикасын дамыту тұжырымдамасы мен стратегиясын және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің энергетикалық жүйелерін біріктіруді перспективалық дамыту бағдарламаларын әзірлеу үшін ұсыныстар әзірлеу.

4.4. Жаңа техника мен технология бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау.

4.5. Келісімге қатысушы мемлекеттерге қолданыстағы энергетикалық объектілердің пайдалану және жөндеу мұқтаждықтары және жаңа энергия көздерінің құрылысы үшін материалдық-техникалық ресурстарды, энергия жабдықтарын, қосалқы бөлшектерді, қорғау құралдарын, айлабұйымдарды, құрылыс конструкцияларын мемлекетаралық жеткізуді ұйымдастыруға жәрдем көрсету.

4.6. Электр энергиясы мен қуатты мемлекетаралық жеткізуге арналған тарифтерді қалыптастыру жөнінде нормативтік-әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді ұйымдастыру.

4.7. Бірыңғай жедел-технологиялық, нормативтік-техникалық құжаттарды, энергетикалық объектілерді пайдалану және салу қағидаларын, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлеу мен келісімді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар даярлау.

4.8. Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы мен энергоқұрылыс саласында бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру және дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

4.9. Өндіруші кәсіпорындармен бірлесе жаңа энергетикалық жабдықтарды, сондай-ақ қолданыстағы электр станцияларын, жылу және электр тораптарын, басқару және байланысты бақылау жүйелерін мемлекетаралық жаңғырту бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.

4.10. Электр энергетикасы саласындағы бірлескен экологиялық бағдарламаларды қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

4.11. Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасындағы бірлескен шешімдерді қабылдау үшін пайдаланылатын біріздендірілген есепке алу және есептілік нысандарын әзірлеуді және келісуді ұйымдастыру.

4.12. Электр энергетикасында энергия үнемдеу және жаңартылатын энергия көздерін ендіру жөніндегі ұсынымдар әзірлеуді ұйымдастыру.

4.13. Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы жай-күйіне талдау жүргізу, мәселелерді анықтау және оларды шешу жөнінде ұсынымдар дайындау.

4.14. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ортақ электр энергетикасы нарығын құру және жұмыс істеуін ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар даярлау.

4.15. Мемлекетаралық электр энергетикасы объектілерін, энергетикалық

объектілерді пайдалану және салу үшін жабдықтарды, аспаптарды, басқару құрылғыларын шығару жөніндегі бірлескен кәсіпорындарды құру жөнінде ұсыныстар.

4.16. Келісімге қатысушы мемлекеттердің және басқа мемлекеттердің энергетикалық жүйелері бірлестіктерінің болуы мүмкін ынтымақтастығы туралы ұсыныстар жобаларын дайындау.

Келісімге қатысушы мемлекеттердің халықаралық іс-шаралар мен халықаралық энергетикалық ұйымдардың жұмысына қатысуын ұйымдастыруға жәрдемдесу.

4.17. Келісімге қатысушы мемлекеттер энергетикасының бірлескен жұмыс істеу және даму міндеттерін шешу үшін инвестицияларды тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар дайындау.

4.18. Озық тәжірибемен алмасу және энергетик-мамандардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға жәрдемдесу.

4.19. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы жоғары органдарының қарауына Электр энергетикалық кеңесі енгізетін құжаттардың жобаларын дайындау.

4.20. ТМД шеңберінде электр энергетикасы аясында жасалатын келісімдердің және Электр энергетикалық кеңесі шешімдерінің орындалу барысына мониторинг пен талдау жүргізу.

4.21. Электр энергетикасы саласындағы Келісімге қатысушы мемлекеттер өзара мүддені білдіретін қызмет бағыттары бойынша бірыңғай ақпараттық кеңістік шеңберінде ақпарат жинау мен өңдеу.

4.22. Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасын басқару органдары үшін ақпараттық-талдамалық материалдар дайындау.

4.23. Электр энергетикалық кеңесінің отырыстарын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді үйлестіру.

4.24. Келісімге қатысушы мемлекеттердің назарына Электр энергетикалық кеңесі шеңберінде қабылданатын құжаттарды уақтылы жеткізу.

4.25. Келісімге қатысушы мемлекеттердің Электр энергетикалық кеңесінің отырысында қаралған материалдар мен құжаттардың жобалары сараптамасын ұйымдастыруға жәрдемдесу.

4.26. Электр энергетикалық кеңестің тапсырмасы бойынша арнайы сараптаманы талап ететін құжаттардың жобаларын Келісімге қатысушы мемлекеттердің ғылыми-зерттеу мекемелеріне немесе құзыретті ұйымдарына жолдау.

4.27. Электр энергетикалық кеңесі шеңберінде қабылданған құжаттардың депозитарий функцияларын атқару.

4.28. Электр энергетикалық кеңес отырыстарында қаралған материалдар мен құжаттардың жобаларын әзірлеу және келісу үшін келісімге қатысушы мемлекеттердің сарапшылары мен өкілдерінің (жұмыс топтарының құрамында) кеңесін ұйымдастыру.

4.29. Электр энергетикалық кеңес пен Атқарушы комитеттің кезекті қызметін қаржыландыруға күнтізбелік жылға арналған шығыстар сметасының жобасын әзірлеу,

Электр энергетикалық кеңесіне бекітуге ұсыну және оның орындалуын қамтамасыз ету.

4.30. Электр энергетикалық кеңеске Атқарушы комитеттің қызметі туралы жыл сайынғы есепті Электр энергетикалық кеңес шеңберінде ынтымақтастықты жетілдіру жөніндегі ұсыныстармен бірге тапсыру.

4.31. ТМД Атқарушы комитетімен және ТМД-ның өзге де органдарымен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау.

V. Құқықтары

Өз функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін Атқарушы комитеттің:

Атқарушы комитет дайындаған құжаттарды Электр энергетикалық кеңестің қ а р а у ы н а е н г і з у г е ;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасын басқару органдары мен электр энергетикалық бірлестіктерінен (компаниялардан), ТМД-ның салалық ынтымақтастық органдарынан Атқарушы комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер б о й ы н ш а а қ п а р а т с ұ р а т у ғ а ;

Электр энергетикалық кеңестің мүшелеріне Электр энергетикалық кеңестің отырыстарын шақыру немесе ауыстыру, өздері қатысушы болып табылатын Электр энергетикалық кеңеске қатысушы халықаралық шарттар мен шешімдері бойынша мемлекеттердің өз міндеттемелерін орындау мәселелері бойынша өтініш жасауға;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерінің жұмыс істеу мен дамуын қамтамасыз ететін құжаттар мен материалдарды әзірлеуге байланысты ғылыми-әдістемелік сипаттағы жұмыстардың шарттық негізде орындалуын қамтамасыз етуге құқығы бар.

VI. Атқарушы комитеттің құрамы мен құрылымы

6.1. Атқарушы комитетті Электр энергетикалық кеңес тағайындайтын Төраға басқарады. Атқарушы комитеттің төрағасы Электр энергетикалық кеңестің құрамына кеңесші дауыс құқығымен кіреді.

6.2. Атқарушы комитеттің құрылымын, қызметкерлер санын, шығыстар сметасын және қызметкерлердің, техникалық және қызмет көрсетуші персоналдың еңбекақы жүйесін Электр энергетикалық кеңес Атқарушы комитет төрағасының ұсынысы б о й ы н ш а б е к і т е д і .

6.3. Техникалық және қызмет көрсетуші персоналды қоспағанда, Атқарушы комитет аппаратының қызметкерлері халықаралық қызметшілер болып табылады.

VII. Төраға

Атқарушы комитеттің жұмыс жоспарын, оның жеке құрамын, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, өз орынбасарларының және құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды;

Электр энергетикалық кеңестің бекітуіне Электр энергетикалық кеңесі мен Атқарушы комитет қызметін қаржыландыруға кезекті күнтізбелік жылға арналған шығыс сметасының жоспарын енгізеді;

Атқарушы комитеттің штат кестесін бекітеді;

Атқарушы комитеттің жұмысын ұйымдастыру жөнінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады ;

Электр энергетикалық кеңестің тапсырмасы бойынша Келісімге қатысушы мемлекеттердегі мемлекеттік билік органдарының, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы атқарушы органдарының, ТМД салалық ынтымақтастық органдарының, халықаралық энергетикалық және басқа ұйымдардың басшыларымен ынтымақтастық жасайды;

Электр энергетикалық кеңесі мен ТМД-ның өзге де органдарының отырыстарында Атқарушы комитет атынан өкілдік етеді;

Электр энергетикалық кеңес өзіне жүктеген басқа да функцияларды жүзеге асырады .

7.2. Атқарушы комитет төрағасының лауазымдық жалақысы мен өзге де еңбекақы төлеу шарттары Электр энергетикалық кеңес атынан Электр энергетикалық кеңес Президентімен 5 жыл мерзімге жасалған келісімшартта белгіленеді.

VIII. Атқарушы комитеттің қызметкерлері

8.1. Атқарушы комитетке қызметкерлерді қызметке қабылдау, әдетте, конкурстық негізде Атқарушы комитет жұмысының жоғары кәсіби деңгейін, құзыреттілігін, айқындығы мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

8.2. Қызметке қабылдау, лауазымға тағайындау мен қызмет бойынша ауыстырулар Атқарушы комитет төрағасының бұйрықтарымен ресімделеді.

8.3. Атқарушы комитет төрағасы және оның қызметкерлері өз міндеттерін атқарған кезде Электр энергетикалық кеңестің мүдделерін білдіреді және Келісімге қатысушы қандай да бір мемлекет мүдделері үшін әрекет жасай алмайды, сондай-ақ халықаралық қызметшілер мәртебесіне және белгіленген функцияларды орындауға нұқсан келтіретін кез келген іс-қимылға жол бермейді.

IX. Жауапкершілік

Атқарушы комитет осы Ереженің ІҮ-тарауында баяндалған функциялардың орындалуына Электр энергетикалық кеңесі алдында жауапты болады.

Х. Қорытынды ереже

Атқарушы комитеттің қызметті тілі орыс тілі болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК